

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 27 тамыздағы " Акциздерді төлеу және есептеу тәртібі туралы" Бас салық инспекциясының N 36 нұсқаулығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті 1997 жылғы 14 қаңтардағы N 8. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 14 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 30. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодекcін (Салық Кодекcін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

16. "Акциздерді есептеу және төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының N 36 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің 1997 жылғы 14 қаңтардағы N 8 V970030_ бұйрығы. -----

І б ө л і м

1 баптың 2-тармағы мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"Алыс-беріс шикізаттан өңделген және осы шикізаттың иесі немесе

делдалдық ұйымдар ұйымдар арқылы сыртқа шығарылатын акцизделінетін тауарлар акциз төлеуден босатылмайды".

11 баптың 3 тармағындағы "немесе импортқа шығарылатын акцизделінетін тауарлар" деген сөздерден кейін "немесе сатылатын акцизделінетін тауарлар, егер осы тауарлардың акциясы Қазақстан Республикасының аумағында

төленбесе" сөздермен толықтырылып әрі қарай мәтін бойынша оқылады.

11 баптың, 4 тармағының, 20 тармақшасы "(мүгедектерге арнап әдейі жасалынған қолмен басқарылатын автомобильдерден басқа) деген сөздермен толықтырылсын.

22 тармақ мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"22) өңделмеген мұнай"

II бөлім

13 тармақ алынып тасталсын;

14 және 22 тармақтар сәйкес 13-21 тармақтар болып есептелінсін;

14 тармақтағы "шикізаттан жасалынатын акцизделінетін тауарлар" деген сөздер "өңделмеген мұнайдан басқа" деген сөздермен толықтырылсын.

22 тармақ мынандай мазмұнда толықтырылсын:

Республикасының аумағында шығарылған өңделмеген мұнайды өндірістік өңдеуге тапсырған жағдайда, акциз сол тапсырылған уақытта төленеді. Мұндай жағдайда өңделмеген мұнай бойынша төленген акциз акцизделінетін мұнай өнімдері төлемдерін кемітуге жатқызылмайды.

*1997 1 шілдесінен бастап күшіне енеді

Төраға,

Салық қызметінің I дәрежедегі

Мемлекеттік кеңесшісі